

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Румынияда Қазақстан Республикасының
Дипломатиялық миссиясын ашу туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 мамырдағы N 494 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Румынияда Қазақстан Республикасының
Дипломатиялық миссиясын ашу туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығы

**Румынияда Қазақстан Республикасының Дипломатиялық
миссиясын ашу туралы**

Қазақстан Республикасының халықаралық және ұлттық мүдделерін ескере отырып,
әртүрлі салалардағы қазақстан-румын ынтымақтастығын нығайту әрі дамыту
м а қ с а т ы н д а қ а у л ы е т е м і н :

1. Бухарест қаласында (Румыния) Қазақстан Республикасының Дипломатиялық
м и с с и я с ы а ш ы л с ы н .

2. Румыниядағы Қазақстан Республикасының кеңесші-уәкіліне айына 2375 (екі мың
үш жүз жетпіс бес) АҚШ доллары мөлшерінде шетелдік валютадағы лауазымдық
ж а л а қ ы б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті
ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті